

ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ РУХАНИ КҮРЕС ЖӘНЕ ИСЛАМ

Жеңіс Жомарт Жеңісұлы

Тарих ғылымдарының кандидаты,
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология
институтының бөлім меңгерушісі,
Алматы қ., Қазақстан

الصراع الروحي والإسلام في الولايات التركية في العصور الوسطى

جينيس جومارت جينيس أولي

أستاذ مساعد العلوم التاريخية
رئيس قسم معهد أوليخانوف للتاريخ والإثنولوجيا
ألماطي، كازاخستان

SPIRITUAL STRUGGLE AND ISLAM IN THE MEDIEVAL TURKIC STATES

Zhomart Zhengis

Candidate of Historical Sciences
Ch. Ualikhanov Institute of History and Ethnology,
Almaty, Kazakhstan

ДУХОВНАЯ БОРЬБА И ИСЛАМ В СРЕДНЕВЕКОВЫХ ТУРЕЦКИХ ГОСУДАРСТВАХ

Женис Жомарт Женисулы

Кандидат исторических наук
Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,
г. Алматы, Казахстан

Андатпа. Ортағасырлық түркі мемлекеттерінің пайда болып, дамуына, олардың саяси-экономикалық және мәдени тұрғыда өсіп-өркендеуіне немесе құлдырауына діни-идеологиялық бағыттың өзгерісі де тікелей қатысты болды. Түркілердің дәстүрлі дүниетанымына негізделген көне нанымдары идеологиялық дағдарысқа ұшырағанда Ұлы Жібек жолы арқылы түркі даласына енген әртүрлі наным-сенімдер мен әлемдік діндер, оның ішінде ислам да түркі қоғамынан өз орнын табуға әрекет етті.

Аталмыш тақырыпқа қатысты зерттеулер тобына талдау жасағанда ең алдымен Қазақстан ғалымдарының жұмыстарына талдау жасау қарастырылады. Түркі мемлекеттілігінің сабақтас жалғасы болып есептелетін Қазақ мемлекетінің тарихы, қазақ халқының мемлекеттілігі кеңес кезіне дейінгі кезеңде де, кеңес дәуірінде де, қазіргі тұста да біршама зерттеушілердің зерттеу нысанына айналып келді.

Бұл зерттеу жұмысында дәстүрлі және жаңа тәсілдерді біріктіре отырып, кешенді зерттеу әдісін пайдаландық. Сонымен бірге дәстүрлі дүниетаным, дін және идеологиялық күрес сияқты күрделі мәселелерді қарастыру үшін пәнаралық зерттеу тәсілін де қолдандық.

Ұсынылып отырған мақаланың маңызы – қазіргі қоғамдағы рухани күрес жағдайында ислам дінінің өміршеңдігі мен қазақ халқының рухани болмысымен тарихи сабақтастығын көрсету.

Түйін сөздер: ислам, дәстүрлі дүниетаным, түркі өркениеті, орта ғасырлар, рухани күрес.

الملخص: كان ظهور الدول التركية في العصور الوسطى وتطورها ونموها السياسي والاقتصادي والثقافي أو تراجعها مرتبطًا ارتباطًا مباشرًا بالتغيير في الاتجاه الديني والأيدولوجي، عندما واجهت المعتقدات القديمة القائمة على النظرة التقليدية للأتراك أزمة أيديولوجية، حاولت المعتقدات والأديان العالمية المختلفة، بما في ذلك الإسلام، التي اخترقت السهوب التركية على طول طريق الحرير العظيم، أن تجد مكانها في المجتمع التركي.

وعند تحليل مجموعة من الدراسات المتعلقة بهذا الموضوع، يتم النظر أولاً في تحليل أعمال العلماء الكازاخستانيين. أصبح تاريخ الدولة الكازاخستانية، الذي يعتبر استمرارًا للدولة التركية، ودولة الشعب الكازاخستاني، موضوع دراسة من قبل العديد من الباحثين في فترة ما قبل الاتحاد السوفيتي، وفي العهد السوفيتي وفي الوقت الحاضر.

وكانت الطريقة الرئيسية المستخدمة في هذه الدراسة هي طريقة بحث شاملة تجمع بين الأساليب التقليدية والجديدة. وفي الوقت نفسه، استخدمنا طريقة بحث متعددة التخصصات لدراسة القضايا المعقدة مثل وجهات النظر العالمية التقليدية، والدين، والصراعات الأيدولوجية.

وتكمن أهمية المقال المقترح في إظهار جدوى الدين الإسلامي في سياق الصراع الروحي في المجتمع الحديث واستمراريته التاريخية مع الطبيعة الروحية للشعب الكازاخستاني.

الكلمات المفتاحية: الإسلام، النظرة التقليدية للعالم، الحضارة التركية، العصور الوسطى، الصراع الروحي.

Abstract. The emergence and development of medieval Turkic states, their political, economic and cultural growth or decline were directly related to changes in religious and ideological direction. When ancient beliefs based on the traditional worldview of the Turks faced an ideological crisis, various beliefs and world religions, including Islam, which spread into the Turkic steppe along the Great Silk Road, sought to find their place in Turkic society.

When analyzing a group of studies related to this topic, the analysis of the works of Kazakh scientists is primarily considered. The history of the Kazakh state, which is considered a contin-

uation of the Turkic statehood, and the statehood of the Kazakh people have become subjects of study by many researchers during the pre-Soviet period, in Soviet times and at present.

The main method used in this study was a comprehensive research method combining traditional and new methods. At the same time, we used an interdisciplinary research method to examine complex issues such as traditional worldviews, religion, and ideological struggles.

The importance of the proposed article is to show the viability of the Islamic religion in the context of the spiritual struggle in modern society and its historical continuity with the spiritual nature of the Kazakh people.

Keywords: Islam, traditional worldview, Turkic civilization, Middle Ages, spiritual struggle.

Аннотация. Возникновение и развитие средневековых тюркских государств, их политический, экономический и культурный рост или упадок были напрямую связаны со сменой религиозно-идеологического направления. Когда древние верования, основанные на традиционном мировоззрении тюрков, столкнулись с идеологическим кризисом, различные верования и мировые религии, в том числе и ислам, проникший в тюркскую степь по Великому шелковому пути, попытались найти свое место в тюркском обществе.

При анализе группы исследований, относящихся к указанной теме, в первую очередь рассматривается анализ работ казахстанских ученых. История Казахского государства, которое считается продолжением тюркской государственности, и государственности казахского народа стали объектом исследования многих исследователей в досоветский период, советское время и настоящее время.

Основным методом, использованным в данном исследовании, стал комплексный метод исследования, сочетающий традиционные и новые методы. В то же время мы использовали междисциплинарный подход исследования для рассмотрения комплексных вопросов, таких как традиционное мировоззрение, религия и идеологическая борьба.

Важность предлагаемой статьи заключается в том, чтобы показать жизнеспособность исламской религии в контексте духовной борьбы в современном обществе и ее историческую преемственность с духовной природой казахского народа.

Ключевые слова: ислам, традиционное мировоззрение, тюркская цивилизация, средневековье, духовная борьба.

КІРІСПЕ

Түркі мемлекеттігінің дамуы барысында бетпе-бет келіп, жетекші орынға ие болған діндердің дені арада салыстырмалы аздаған уақыт өткенде түркі тарихы жадынан мүлде өшіріліп, келмеске кетті. Ал ислам өзінің салыстырмалы жастығына қарамастан түркілер арасына жылдам дамып, түркі мемлекеттігінің одан әрі дамуына ықпал етті. Бұл маңызды тарихи құбылыстың себебі туралы қазақ ғалымы М.С. Орынбеков: «Исламның Азия мен Африкаға, Еуропаға жеңісті жорығы әлі

күнге дейін дінтанушылар үшін жұмбақ. Ислам әртүрлі – христиан, будда сияқты әлемдік діндер орын тепкен аймақтарға еніп, аталмыш діндерді сол аймақтан ығыстырды», – деп жазды (Орынбеков, 1997: 9). Бұл орайда зороастризм мен манихейліктің, иудайзмнің себебі түсінікті, олардың ешқайсы ұсақ тайпаларды біріктіретін идеологиялық күшке ие бола алмады. Бірақ әлемнің басқа аймақтарында табысты болған христиан діні неліктен түркілер арасына тұрақтай алмады? Византия мемлекетінің саяси-экономикалық

күдіретіне қарамастан көшпенділер арасында, әсіресе көшпенділердің билеуші өкілдерінің отбасында табысқа ие болған христиан дінінің жаңа, жас ислам дініне өз позициясын айтарлықтай қарсылықсыз бере салуының өзіндік себептері болды.

Зерттеудің басты мақсаты – діннің ортағасырлық түркі мемлекеттілігінің қалыптасып дамуына не болмаса күйреп, жоғалуына ықпалын анықтау. Деректерді талдау бүкіл орта ғасырлар бойы діннің қандай формада болмасын түркілік мемлекеттердің қалыптасуына, дамуына, тіпті мемлекет ретінде тарих сахнасынан жоғалуына орасан ықпал еткендігін көрсетеді. Мәселеге қатысты көкейтесті деректерді дәйектеп, дәлелдеу орта ғасырлардағы түркілердің дәстүрлі дүниетанымының қалыптасу тарихына терең талдау жасаусыз күрделі болып қала береді. Ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі дәстүрлі дүниетаным түрлі себептерге байланысты өзгеріске ұшырағанмен, тарихи кезеңдер барысында өзегі сақталып, тарихи сабақтастықтың орын алғандығын көреміз. Яғни сақтар мен ғұндар кезеңінен бастап Қазақ хандығының құлдырау кезеңі аралығында ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі тамырын тереңге жіберген дәстүрлі дүниетаным сабақтастық жолмен даму үрдісін бастан кешті. Автор ұсынып отырған зерттеуінде ортағасырлық түркі мемлекеттеріндегі діни нанымдардың шығу тегіне талдау жасауды мақсат етпейді. Бұл салада жүргізілген отандық және шетелдік зерттеушілердің зерттеулері жеткілікті екендігін айтуымыз керек. Ұсынылып отырған жұмыста да түркілердің дәстүрлі дүниетанымының түркі мемлекеттерінің қалыптасуы мен дамуы барысындағы орнын, даму ерекшеліктерін қайта електен өткізе қарастырылады.

Жоғарыда атап көрсетілгендей, ортағасырлық түркі мемлекеттерінің мем-

лекеттілік дәстүрінің даму деңгейіне, олардың саяси-экономикалық, мәдени тұрғыда өркендеуіне немесе құлдырауына дәстүрлі дүниетанымның ықпалы мен маңызы мәселесі осы күнге дейін тұтас, кешенді түрде зерттеу нысаны болмады. Түркі мемлекеттері тарихындағы мемлекеттік дәстүр жайлы біршама еңбектер жазылғанмен, түркі мемлекеттеріндегі рухани үдерістер, мемлекеттегі діннің орны, дүниетанымдық бағыттар мен күрестер туралы арнайы зерттеулер жүргізілмеді.

Дегенмен осы кезге дейін түркілердің наным-сенімі, олардың тарихи сабақтастығы жайлы біршама зерттеулердің атқарылғандығын айтуымыз керек. Аталмыш тақырыпқа әртүрлі дәрежеде қатысы бар зерттеулерді топтастыра қарастыруда біршама қиындықтар кездеседі. Отан тарихының тарихнамалық дәстүріне сай тарихнаманы идеологиялық кезеңдерге орай кеңестік кезеңге дейінгі және кеңестік кезең тұсындағы деп бөле қарастыру да кейде айтарлықтай қиындық тудырады. Өйткені зерттеу жұмысына қатысты зерттеулердің басым көпшілігі де дәл осы кеңестік кезең кезінде орындалды. Кеңес ғалымдарының идеологиялық ұстанымдарына байланысты мәселеге шынайы үңілудегі кемшіліктеріне қарамастан, олардың аталмыш тақырыпта жүргізген зерттеулері біршама.

Ортағасырлық түркі мемлекеттік құрылымдарындағы дәстүрлі дүниетанымды жаңаша көзқарас тұрғысынан саралау, қалыптасқан қазіргі кезеңдегі объективті және сыншыл талдау мен сараптау принципі басты ұстанымда болды. Әдістемелік негізі – тарихи-объективті және жүйелі. Мақалада кейбір мәселелерді нақтылай түсу үшін проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихи тәсілдер қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Ағылшын исламтанушысы М. Уаттың пікірінше, христиандық «өзінің әмбебаптығын бекіту үшін жергілікті дәстүрлермен ынтымақтастықты теріске шығарып, оларға өздерінің таңдаулы қауымының беделін қарсы қойды», – деп жазады (Галиев, 1997: 35). Уаттың пікірінше, христиан дін таратушылары Орталық Азияға енген христиандықтың жергілікті халық арасына сіңісіп кетуі үшін еш нәрсе істемеді. Ал ислам керісінше өзінің таралу процесінде жергілікті халықтардың дәстүрлі наным элементтерін өзіне қабылдай отырып, олардың дүниетаным-дық қажеттілігін қанағаттандыра алды.

Исламның табысты түрде түркілер арасына тарап, орнығуының жоғарыда көрсетілген себептерінен өзге заңдылықтары да болды. Исламның Еуразия даласының түркі көшпелі және жартылай көшпелі тайпалары мекендеген аймағына енуі VIII ғасырда-ақ басталды, ал оның таралуы мен орнығуы жүздеген жылдарға созылды. Арабтардың Орталық Азияның отырықшы аймақтарын тез жаулап алуының басты себебі аймақтың саяси бытыраңқылығынан, ұсақ феодалдық мемлекеттердің бір-бірімен жауласуынан болды. Арабтардың осы аймақты табысты жаулап алуына, сондай-ақ түркі-көшпенділер мен отырықшы халықтар арасындағы саяси қайшылықтар да себеп болды. Сонымен бірге аймақтағы ұсақ мемлекеттерді біріктіруге кедергі келтірген әртүрлі діни ағымдардың болуы да әсер етпей қоймады. Орталық Азияда арабтар қарсаңында он бес ұсақ мемлекеттік бірлестік жасап жатты. Бытырап, тозған осы мемлекеттерді ислам діні идеялық тұрғыда ұйытқы болып, бір мемлекеттің астына біріктіруді мақсат етті.

Түркілердің арасына исламның та-

бысты түрде тарап, бекуінің негізгі себептерін қысқаша топтап көрсетер болсақ, олар мынадай негізгі тұжырымдарға саяды:

- 1) Этно-мәдени фактор;
- 2) Географиялық фактор;
- 3) Мемлекеттік-идеологиялық фактор;
- 4) Араб жаулап алулары мен соның нәтижесінде ислам миссионерлері мен ғұламаларының үгіт-насихат жұмыстары (Рене, 2003: 35).

Ең алдымен, түркілердің арасына исламның таралуына жағымды ықпал еткен этно-мәдени факторға тоқталсақ, түркілердің арасында исламнан басқа діндердің тұрақтап, бекімеуінің басты себептерінің бірі – түркілердің көшпелі өмір салтына исламнан басқа діндердің дәстүр қарама-қайшылығы да әсер етпей қоймады.

Сондай-ақ Тәңір дінінде исламның қағидаларына қарсы келмейтін, қайта көшпендінің рухани дамуына бір-бірін толықтырып, бірдей қызмет ететін элементтердің мол болуы түркілердің жаңа дінді тез қабылдауына оң әсер етті. Бұған, әсіресе екі діндегі Тәңірі-Алла – абсолютті рух сипатындағы діни ұқсастықтың ықпалы болмай қалмады. Түркілер де Тәңірді бүкіл әлем мен болмыстағы жалғыз Жаратушы-Құдірет деп білді. Бұл бірлік түркілердің исламды қабылдауында маңызды фактор болды. Тіпті, түркілер өздерінің ескі сенімдеріндегі діни терминдерді жаңа дінді қабылдаған соң да қолданыстан шығармай, ислам діні ұғымдарын атағанда қолданды. Махмұт Қашқаридың еңбегінде исламға қатысты ұғымдардың басым көпшілігін түркіше беруі де мұсылмандар мен түркілердің діни ұғымдарының мән-мағынасы бір, айырмашылық тек ғибадат жолындағы ерекшеліктерде ғана

екендігін көрсетеді. Мысалы, ол өз еңбектерінде Алла-Тәңірі, Пайғамбар-Йалваш, Саушы, Құран-Бітік, ғибадат-табыну, жіңішкелену, дұға-алқыш-алғыс, намаз-йукунш-жүгіну, жәннәт-ұжмақ, жаһаннам-тозақ сияқты ұғымдарды түркі тілінде қолданған (Жеңіс, 2004: 72). Көріп отырғанымыздай, ислам дінін түркілер арасында уағыздаушылар үшін бұл фактор аса маңызды әрі түркілердің жаңа діннен үрікпей, жатсынбай қабылдауына мұрындық болды.

Түркілердің ислам дінін қабылдауда ең шешуші маңызға ие болған жағдай, ол түркі ұғымындағы Жаратушы-Тәңірінің исламдағы Алла тағала ұғымымен үндесуі болды. Орта ғасырлық араб саяхатшысы ибн Фадлан түркілердің Алла тағалаға қатысын тарихшының айтқанындай, мұсылмандарға жақындауы үшін десек үлкен қателік болар еді. Мұның басты себебі Тәңірі мен Алла тағаланың мағыналық ұқсастығы мен жақындығы еді. Түркілердің жалғыз құдайға сенуі жайлы XIII ғасырдағы итальян саяхатшысы Плато Карпини де түркі-моңғолдардың бір құдайға сенетінін, бірақ құдайына арнап мадақ пен мінәжат жасамайтынын жазды (Кенжетай, 2004: 25). Көріп отырғанымыздай, түркілердің діні монотейстік бола отырып, Тәңір деп аталатын Жаратушыға сенді. Ал түркі сенімі – тәңірліктегі тағы бір сенім нысаны Ұмай исламданған қоғамда жаңа сипат алып, Ұлы пайғамбарымыздың қызы Фатиманың бейнесімен үндесіп, ислам дінімен жымдасып кетті (Жеңіс, 2004: 69).

Өз заманында түркілердің көне нанымы мен ислам дінінің арақатынасын бұрынырақ аңғарып, осы жайлы арнаулы еңбектер жазып қалдырған Ш. Уәлиханов: «Мұхаммед діні тәңірі дінінің бір құдайлығын біріктіріп, рух, жын, пері, шайтан ұғымдарының өмір сүруіне мүм-

кіндік беріп, рухын құрта алмады (Карпини, 1993: 114). Мұсылмандық молдасыз сауатсыз халық арасына тамырын жая алмады. Бірақ сөз, дыбыс күйінде бұрынғы шамандық түсінігіне жасырынды. Бұдан ой емес ат пен сөз өзгерді. Онгон әруақ, Көк тәңірі алла, құдай, жер Рухы шайтан, пері, дию, жын аталып шаман идеясы қалды. Тіпті, түсінікте ол бақсы кейпін білдірді. Бірақ шаман сенімі Мұхаммедтің бір құдайлығының әсеріне түсті. Аспан Алла ұғымымен бірікті», – деп жазады (Карпини, 1993: 470). Исламды қабылдау арқылы түркілер ұмыт болып, бұлыңғырлана бастаған Тәңіріге табынуды ислам арқылы жүйелеп, қайта жалғастырды.

М. Қашқаридың «*Диуани лұғат ат-түрк*» (ديوان لغات الترك) оқысақ, қайраткер үшін жаңа дін мен ескі сенімнің идеялық тұрғыда аса айырмашылығы болмағандығын байқаймыз. Ол өз шығармасында көне діни терминдер мен жаңа діни қағидаларды шебер түсіндіріп береді:

Тәңрі ажун тұрұтти,
жигри әзиз тазкинур.
Йулдузлари журкашиб,
түн күн уза йурканур.

«Ұлы Алла мәңгілікке айналатындай етіп, әлем мен биік аспанды, қатар-қатар тізілген жұлдыздарды, бір-бірімен ауысатын күн мен түнді жаратты».

Түн күн табун тәңрика буйнамагил,
Қуркуб ангар айману уйнамагил.

«Күн мен түн Аллаға табын. Қорқып аңғар, ойнамағын!» (Егеубай, 1998), – деп түркілерді Тәңірі-Алланы естен шығармай, табынуға шақырады.

Тіпті, ислам дінінің орталығы – Арабия түбегі халқының исламға дейінгі жахилият дәуіріндегі наным-сенім жүйесінде Алланың бірлігі ұғымы түркілердің дәстүрлі дініндегі Тәңір бірлігінен әлдеқайда алшақ болды. Яғни арабтарға қарағанда Құдайдың бірлігін түркілер

бұрынырақ мойындады. Құрандағы «Тәңірлерің бір-ақ Тәңір екендігі уахи етілуде. Сондықтан сол жаққа жөнеліндер. Одан жарылқау тілеңдер. Аллаға серік қосқандарға нендей өкініш», – деген аяттың да түркілерден гөрі арабтарға қаратылып айтылғандығында дау жоқ.

Қазірге дейін негізгі түркі халықтарының бірі – қазақ халқының өмірінде исламмен тығыз матаса, өзінше бір діни синкретизм қалыптастыра, тұрмыстық немесе халықтық ислам деп аталып, исламға дейінгі наным өз өмірін жалғастыруда. Халықтық исламның ерекшелігі онда исламға дейінгі жергілікті наным-сенім күнделікті өмірде кездесуінде. Ислам бұрынғы діни наным қалдықтары мен дәстүрді толық ығыстырып шығармады. Ұзақ уақыт ислам жағдайында исламға дейінгі бастапқы діни дүниетаныммен араласып, мұсылмандық сипатқа ие болып, таза ислам дүниетанымының элементіне айналды.

Ислам діні өзінің бүкіл танымдық жүйесі арқылы түркілердің дәстүрлі сенімімен қайшылықта емес, керісінше бірін-бірі растайтын, толықтыратын діндер болды. Мысалы, тәңірліктегі сенімнің орталық мәніне айналған «құт» ұғымы исламда да болды. Бұл туралы Құранда: «Жерге үстінен асқар таулар жаратты да құт-береке қойып, жер жүзіндегілердің ризықтарын төрт күнде шамалады». Көріп отырғанымыздай, исламдағы «құт» та Алла-Жаратушы арқылы жасалып, бөлінді. Айырмашылығы, исламдағы түркілердің сенім элементтерімен үндес ұғымдар енді жүйеленіп, дәлірек нақтыланып берілді. Мысалы, түркілер де исламдағыдай әлемнің, адамдардың жаратылысы Тәңірі арқылы іске асқандығын, бүкіл тіршіліктің суда жаратылғандығын (хакастардағы жаратушы қаздар туралы мифтер) мойындай-

ды. Ал Құранда бұл: «Көктер мен жер түйіскен еді. Екеуін ажыратқанымызды әрі жанды нәрсені судан жаратқанымызды білмей ме?», – деген Құран аяттары арқылы нақты, бұлтартпас түрде жүйеленіп бекітіледі. Түркілер де өздерінің дәстүрлі діни-мифологиялық жүйесінде әлемнің жаратылысын Тәңіріге теліп, ал жаратылыс бастауын судан алады.

Осылайша, егер түркілер бастапқыда араб-мұсылмандарға қарулы қарсылық көрсетсе, онда ол жат жерлік жаулап алушыларға көрсетілген қарсылық болды. Ал ислам діні түркілер тарапынан айтарлықтай идеялық-дүниетанымдық белсенді қарсылыққа душар болмады.

Тіпті, жаңа діннің таралуына ескі діннің өкілдері – шамандар тарапынан да айтарлықтай қарсылық сезілмеді. Тарихи деректерде ескі дін өкілдерінің жаңа ислам дініне қарсы ұйымдастырған қарулы қарсылықтары туралы мәліметтер жоқ. Керісінше, бақсылар жаңа дінге тез икемделіп, аз уақыттың ішінде ислам дінінің терезесі тең өкілдеріне айналып шыға келді. Исламды қабылдаған соң бақсылық та жаңа жағдайға бейімделіп, мұсылмандық сипатқа ие болды. В.Н. Басиловтың дұрыс байқағанындай, «молда мен шаманның арасындағы қарама-қайшылық енді әртүрлі идеологияның соқтығысуы емес, бар болғаны кәсіби бәсекелестік еді. Өзінің дүниетанымынан шамандардың басқа дұрыс мұсылмандардан айырмашылығы болмады. Шамандар рәсімдерін бастамай тұра Алла мен әртүрлі мұсылман әулиелерге, тек одан кейін барып көмекші аруақтарға – исламның қасиетті кітабы – Құранда келтірілген періштелерге назар аударып, көмек сұрады» (Басилов, 1984: 206).

Түркілердің жаңа дінді қабылдауына ықпал еткен негізгі жағдайлардың бірі ретінде түркілердің салт-санасы мен мәдени құндылықтарының да исламмен

аса алшақ болмағандығын айтуға болады (Жеңіс, 2022: 2022: 2007: 36). Ғасырлар бойы қалыптасқан түркі көшпенділерінің этно-мәдени болмысының өзіндік ерекшелігі, менталитеті болды. Ислам дінінен басқа діндерде қатаң тыйым салынбайтын шарап ішу мен доңыз етін жеу түркі табиғатына жат болды. Түркілер туралы ақпарат беруші араб-парсы деректері олардың қолға үйреткен жануарлары ішінен шошқаны атамайды.

Сондай-ақ исламдағы көп әйел алуға рұқсаттың ресми түрде танылуы түркі дүниетанымына жат болмады. Қытай деректеріне қарағанда көне ғұндарда көп әйел алу дәстүрі болған. Ғұн шаньюйі Құнан (Хунане) бір ақсүйектің екі қызына үйленгенде оның олардан басқа тағы бірнеше әйелі болған. Б.э.д. VIII ғасырда билік құрған тағы бір ғұн билеушісінің бес әйелі болған. Түркілердің шежірелерінде Тюгудың он әйелі болғандығы белгілі. Түркілердің аңыздық кейіпкері Оғыз ханның да бірнеше әйелі болды. Күлтегін ескерткіштеріне қарағанда Білге қағанның да бірнеше әйелі болған. Иуда дініндегі хазар патшалары да бірнеше әйелге ие болған. Тіпті, XIX ғасырдың басында исламға еш қатысы жоқ солтүстіктегі түркі халқы сахаларда да полигамия етек алған (Саидбаев, 1978: 42). Осындай салт-санадағы аздаған ортақтықтың өзі жаңа дін мен түркілердің дәстүрлі дүниетанымының бірігіп кетуіне жағымды негіз болды. Дегенмен бұл үдеріс ұзаққа созылды.

Ислам дінінің негізгі ұстанымдарының бірі садақа болды. Мал, жақсылық, игілік, адамгершілік сияқты жүректен шыққан садақа түрлері әрқашан ислам тарапынан құпталып келді. Түркілерге де бұл діни қағида жат болмады. Түркілердің ескі дінінде де мұсылмандардағы сияқты құрбандық шалу дәстүрі болды. Түр-

кілерде құрбандықтың екі түрі болды. Бірі қан шығару арқылы, екіншісі қан шығарусыз құрбандық шалды. Қан шығарусыз құрбандық (либатион) бойынша құрбандық ретінде ағарған, май шашты. Түркілерде құрбандық шалу дәстүрі «тапығ» немесе «яғышлық тапығ» аталған. Түркілер жеңіске қол жеткізу, алғыс білдіру, бейбіт өмір мен келісім орнату, құрғақшылық кезінде жаңбыр жаудыру, адам ауырған немесе қайтыс болған кезде құрбандық шалған. Құрбандыққа жылқы, киік, қой, сиыр, жабайы аңдарды да шалды (Енгин, 2007: 41). Қытай деректерінде де түркілердің «Адамдары қайтыс болса құрбандыққа мүйізді ірі қара мен жылқы малын шалатынын, мамыр айының ортасында көптеген қой мен жылқы сойып, Тәңіріге арнап құрбандық шалатынын» жазады (Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері, 2005: 67). Бұл дәстүр түркілердің исламды қабылдағанынан соң да жалғасын тапты. Түркілер енді Тәңірі ризалығы үшін мұсылман әулиелер мен жақын туыстарының аруағына арнап құрбандық шалатын болды.

Исламның түркілер арасына таралуы географиялық жағдайларға да байланысты болды. Жергілікті, исламға дейінгі мәдениет пен мұсылман моделінің өзара әсерінен IX-XIV ғасырларда аралас, синкретті түркі-ислам типінің мәдени дәстүрі қалыптасты. Жаңа аймақтарға келген түркілер бұл аймақтың жергілікті халқынан едәуір этникалық айырмашылыққа ие болды. Бұл айырмашылық оларды басқалардан дара көрсетіп, көзге ұрып тұрды. Елден жырақ кеткен осындай түркілер туралы тарихшы әл-Джахиз: «Олардың кемшілігі және қасіретінің негізі – туған жерді аңсау, ел кезуге құмарлық, шапқыншылыққа бейімділік, тонауға құмарлық, өз әдет-ғұрыптарына берілгендік. Олар өз дәстүрлерін білмейтіндерді

жек көреді. Олар өздерін басқалармен қатар қойғанды жақтырмайды» (Асадов, 1999: 13), – деп жазады. Бірақ біртіндеп түркілер өздеріне тән ерекшеліктерінен арылып, барлық жағынан да жергілікті, отырықшы халықтармен бірыңғайлыққа түсе бастады.

Түркі-көшпенділер арасына исламның бекуінің маңызды бір себебіне мемлекеттік-идеологиялық фактордың да қатысы бар. Исламның талап ететін өмір сүру нормалары мен түркілердің дәстүрлі әдет ережелері идеялық тұрғыда бір-бірімен өте жақын болды. Мұсылман шарифатын зерттеушілердің пікіріне қарағанда шарифат пен әдет арасынан қандай да бір өрескел қайшылықты табу қиын (Саидбаев, 1978: 42). Дәстүрдің сақталуына баса назар аударатын көшпенділер үшін жаңа діннің түркілердің дәстүрлі заңдық нормаларымен қандай да бір қайшылықта болмауы олардың осы дінді қабылдауына оң ықпал еткен жағдайлардың бірі болғандығы рас.

Исламды қабылдағанға дейін-ақ түркілер мемлекеттік жүйенің теократиялық түрімен таныс болды. VI ғасырда Соғдиана мен Даланы біріктірген түркілерде қаған алғашқы діни тұлға болды. Қағанның тәңірлік тегі туралы көне руникалық жазбаларда «тәңірі тектес», «тәңір жаратқан» сияқты теңеулер арқылы қағанды Аспан-Тәңірі қолдауына ие тұлға ретінде санайды. Сақтарда да билеуші Тәңір қолдауымен келген деген түсінік болды. Сақтар түсінігінде хан тек жоғарғы билеуші ғана емес, абыз әрі халық пен құдайды табыстыратын делдал ретінде танылды.

Түркілердің дәстүрлі мемлекеттік құрылымындағы басқару жүйесі мен исламның бастапқы кезеңдеріндегі басқару жүйесіндегі ұқсастық та түркілердің

жаңа дінді жатсынбай қабылдауына едәуір ықпал етті.

Исламдық билік жүйесі мен түркілердің дәстүрлі басқару жүйесіндегі ұқсастық түркі билеушілерінің жаңа дінге құрметін молайтты, бұл ұқсастықтан Тәңірі қалаған, өз дүниетанымына жақын дәстүрлі әділетті көрді. Әлсіреп, өзгеріске түсе бастаған дәстүрлі билік жүйесін қалыпқа келтіруші бірден-бір күш ретінде Құран жазбаларына үміт артты. Бұл үрдіс олардың ислам дінін қабылдаумен қатар жүрді.

Түркілердің ислам дінін қабылдауына араб-мұсылман жаулап алуларының да маңызды әсерін жоққа шығаруға болмайды. Араб жаулап алуларының түркілер даласында айтарлықтай қарсылыққа ұшырағаны да белгілі. VIII ғасырдың бірінші жартысында Кутейбаның Орта Азияда әскери қарсылыққа ұшырауы бұл араб шапқыншылығының қарсылыққа ұшырауы болды. Исламның негізгі қағидаларының түркілердің тәңірі дінінің элементтерінен көп алшақтықтың болмауы, керісінше дүниетанымдық ұқсастық, түркілердің исламды оңай қабылдап, тіпті, соңында осы діннің нағыз белсенді жақтаушыларына айналуына әсер етті.

Ал түркі қоғамы исламдануының дәстүрлі дүниетанымға тигізген ықпалына келсек, сөз жоқ, жаңа дін түркі дүниетанымына жан-жақты әсер етті. Түркілердің исламды қабылдауы барысында олардың көне нанымдарының жаңа дінмен бірден үйлесіп, ымыраласуы ұзаққа созылды. Жетілген, жан-жақты қамтылған жүйеге ие ислам дінінің жергілікті, дәстүрлі дүниетаныммен үйлесуі бастапқы кезеңде болмай қоймайтын қайшылықтар тудырды. Әсіресе діндегі еркін ойлылық қудалауға түсіп, догматикалық исламның салтанат құруы кезеңінде екі өркениеттің – ислам және

дәстүрлі дүниетанымның ымыраласуы қиындық тудырды. Ал осы догматикалық исламмен қайшылықта бола отырып, исламдағы ғылым мен білімнің дамуына біршама үлес қосқан оқымысты ғалымдар түркілердің дүниетанымдық элементтерін артта қалушылық, жабайылықтың көрінісі деп білді. Мысалы, Бирунидің жазуынша, «Бір түрік бір күні маған яда тасын, мені қуантамын және мен оны еш ойланбастан алады деп ойлап алып келіп берді. Мен оған былай дедім: «Уақытқа қарамастан, менің қалауым бойынша осымен жаңбыр жаудыра алсаң мен оны аламын және сен нені қаласаң үстемен беремін». Ол тасты суға салып, шалпылдатып, міңгірлеп бір нәрсені айтып, айқайлай бастады. Бірақ онысынан шалпылдаған судан басқа еш нәтиже шықпады». «Ол, ол ма, бұл жайлы қауесетке қарапайым халықты былай қойғанда, ақсүйектер де сенеді. Осының куәсі болған бір кісі оны жақтап, бұл тастар тек түркі жерінде ғана өз кереметін көрсетеді деп оны ақтады», – деп жазады (Абдуллаева, 1957: 205). Көріп отырғанымыздай, ислам дінін қабылдау процесі барысының алғашқы кезеңінде дінді қабылдағандар мен қабылдамағандар арасында едәуір дүниетанымдық айырмашылықтың болғанын көреміз. Дегенмен осындай қайшылықтарды тудыра отырып, екі нанымның өзара ымыраласуы ғасырлар бойы жүрген үдеріс болды.

Тіпті, түркі тілінің сөздігін жасаған Махмұд Қашқаридың өзі Алла-Тәңірі ұғымына лингвистикалық тұрғыда ғана қарап, екі сөздің түркілер үшін бір ұғым беретініне назар аудармады. Ол өз шығармасында «Құдай ұрғыр кәпірлер аспанды Тәңірі дейді. Олар көзіне үлкен көрінген нәрсенің бәрін Тәңірі дейді. Өйткені сондай нәрселерге табынады», – дейді (Егеубай, 1998: 505).

Осыған қарамастан, жаңа дін мен ескі дін бір-бірімен жымдасып, бірігіп кетті, түркілер өздерін мұсылман атап, жаңа діннің белсенді қорғаушыларына айналды. Уақыт өте келе дәстүрлі түркілік дүниетаным элементтерін жаңа діннің қатпарынан аршып, ажырату мүмкін болмай қалды. Тіпті, арнаулы діни білім болмаса олардың қайсысы неге жататынын ажырату қиын. Осындай тұтасу арқылы басқа аймақ мұсылмандарынан өзгеше өзіндік ерекшеліктерге ие түркілердің әдет-ғұрпы, салт-санасы, тұрмыстық-мәдени үлгілер, әдебиеті қалыптасты. Мысалы, түркілердің исламды қабылдауынан көп уақыт өткеннен кейінгі діни жазбаларда да бұл ерекшелік анық білінді. Қазақтың ойшылы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы өз шығармаларында көне түркілік дін мен ислам дінінің дүниетанымдық синтезі туындыларын суреттеді. Мысалы, ғұлама: «Аспан, Көк – байы, Жер – Қатыны. Солай болған үшін «Көктен жаудырсын, жерден өндірсін!» – дейді (Көпейұлы, 1995: 24).

Ислам дінін қабылдаған түркілер өз мемлекеттігін қайта қалпына келтіріп, әлемдік саясатқа жаңа діннің өкілдері мен қорғаушылары ретінде араласа бастайды. Әлі де ислам дінін қабылдай қоймаған басқа түркілер де жаңа діннің саяси артықшылығын тез түсініп, белсенді түрде исламға кіре бастайды. Ислам әлеміне жақындаған түркі билеушілері мен араб-мұсылман билеушілері өзара қарым-қатынасты жолға қойып, саяси барыс-келісті орнатты. Ортағасырлық деректерде халиф Мухтадир оғыздардың әскери қолбасшысы «сюбашимен» хабарласып, достық жолдау жіберді. Ал ислам географы Йакут ал-Хамави, халиф Хишамның түркілер еліне исламды қабыл еттіру үшін жіберген делегациясын қағанның құрметпен қарсы алғанын

жазады (Yildiz, 22). Сол кезде әлі күнге исламды қабылдамаған шігіл, яғма тайпаларының жетекшісі Боғрахан 921 ж. самани мемлекетімен одақтаса исламға қарсы бағытталған Хорасандағы көтерілісті басты.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, ислам діні түркілердің бұрынғы, бұлдырай бастаған ескі дінін қайта жүйелесе, қасиетті Құран кітап түркілердің діни дүниетанымын нақтылап, реттеп, түсіндіріп берді. Түркілердің исламды қабылдауына Құранның түркі тіліне аударылуы да үлкен әсер етті. Саман билеушісі Мансұр ибн Нұх кезінде (961-977 ж.) арнайы комиссия құрылып, «Табари тәпсірі» негізінде Құранды парсы тіліне аударды. Бұл аударма өз кезегінде оның түркі тіліне аударылуына негіз болды. Бұл жұмыс арасында Испиджабтан бір түркі ғалымы бар комиссия арқылы іске асты. З.В. Тоғанның айтуынша, дәл осы аударма кейін қарахандар мен селжүктер, моңғолдардың ильхандар мен Орта Азиядағы мемлекеттері тұсындағы барлық түркі аудармаларына негіз болды (Togan, 1956: 19).

Түркілер арасында ислам діні негізіндегі шежірелер пайда бола бастады. Бұл шежірелер бойынша әулеттің, ру-тайпаның, тіпті тұтас ұлттың шығу тегі Мұхаммед пайғамбармен байланыстырылады. Мысалы, қырғыздардың шежіресі бойынша олар Мұхаммедтің ту ұстаушысы Еркеш батырдан тарайды. Түрікмендер өз тегін Оғыз ханнан тарататыны белгілі. Оғыз болса, шежіре бойынша бірінші пайғамбар Адамның ұрпағы. Оның әкесі Қарахан Сырдария бойын мекен етеді. Ол туғанда анасын емуден бас тартады. Анасының түсіне кіріп: «Ей, анашым, мұсылман бол! Егер болмасаң, өлсем де сені ембеймін!» – деп аян береді. Баласын аяған анасы мұсылман болады, бірақ оны ешкімге айтпай-

ды. Шежіре бойынша кейін билікке қол жеткізген Оғыз хан ашық түрде исламды қолдап, халқын осы дінге кіргізеді. Кірмегендерін өлтіріп, құлдыққа айдап, құртады. Ал «Оғызнаманың» тұрфандық нұсқасында діннің көне түрі Көк Тәңіріге табыну суреттелген. Исламды түркілердің қабылдауымен бұл аңыз желісі исламды насихаттау үшін пайдаланылды. Сатұқ Боғра хан бейнесі Оғызханмен шендестірілді (19, 152 б.).

Әділдік үшін айта кету керек, түркі қоғамының исламдануы қандай да бір қарсылықсыз, мүлде бейбіт жағдайда өтті деу күмән тудырады. Әсіресе жаңа діннің өз территориясында қанат жаюы түркі билеушілерінің заңды алаңдаушылығын туғызды. Ел мүддесін көздеген олар исламды өзгеріссіз, көшірме түрінде қабылдаудың дәстүрлі түркі қоғамында тұрақсыздық тудыратындығын түсінді. Бұл жайлы бір деректе, анығырақ айтқанда, Йақұттың (XIII ғ.) «Түркістан» атты мақаласында Хишам бин Абдул-Малик ислам дініне түркілерді қабылдауы үшін елшілік жібереді. Елші түркі ордасына келгеннен соң билеушіге ислам дінін қабылдауды ұсынады да жаңа діннің қыр-сырын айтып түсіндіре бастайды. Бір күні билеуші елші мен қолдарына ту ұстаған он кісіні ертіп алып, бір төбенің басына келеді де әлгі ту ұстағандарға туларын желбіретуді бұйырады. «Осыдан кейін сол замат «жаһ, жаһ» деп барлығы он мың қарулы атты әскер келіп, төбенің етегіне жиналады. Әскердің қолбасшылары төбеге шығып, патша алдында олардың (әскердің) дінсіздер екендігін мәлімдеді. Ал ол біртіндеп туды жайып, бұлғай беруге бұйрық береді. (Олардың біреуі) осыны орындағанда басынан аяғына дейін қаруланған он мың жауынгер келді, осылайша, он ту желбіреп

болғанша төбе етегіне жүз мың қаруланған әскер жиналды. Сонан кейін тілмашқа: – Мына елшіге айт, билеушісіне айтсын, мыналардың ешқайсы да етікші не тігінші, не емші емес. Жауынгерлік – олардың күнкөріс кәсібі. Ендеше олар мұсылман болып, исламның шарттарын орындаса қайтіп күн көрмек? – деп айтты (20, 6 б.). Осылайша, жаңа дінді қабылдау арқылы көшпенді өмір сүретін түркілердің өмір сүрудегі көшпенді шаруашылық типінде түбегейлі өзгеріс болатынын түсінді. Ал отырықшылыққа көшу түркілердің бітім-болмысын мүлде өзгертетінін түсінді. Міне, сондықтан да тіпті XX ғасырдың басына дейін көптеген түркі халықтары ислам дінін қабылдағанмен, өздерінің көшпенді өмірін отырықшылыққа ауыс-тырмады. Осы көшпенді-түркілер арасында ислам өзіндік ерекшелікке ие формада болды. Мұсылмандықты қасаң қағидалар шеңберінде қабылдаған басқа мұсылмандардың көшпенді мұсылмандарды діннің кейбір қағидаларын орындамағаны үшін «кәпір» деп кінәлайтыны да осы кез.

Исламның парыздарын Тәңірі қалауы деп ұғынған түркілер, мұсылман міндеттеріне сергек қарады. Дублиндегі Честер Бити кітапханасында сақтаулы тұрған әл-Истахридің (أبو القاسم، الإصطخري) «Сувар әл-ақалим» (صوار الأقاليم) атты еңбегінде «Түркілердің ислам орталығынан алыс орналасқандығына қарамастан әлі күнге дейін барлық басқа мұсылманның алды болып хажға келеді» (18, 23 б.), – деп жазылған. Осылайша, ислам дінінің түркілік дүниетаныммен рухани қайшылықсыз болуы олардың жаңа дінді белсене қабылдауына оң ықпал жасады.

Түркілер арасында ислам діні саяси-мәдени үстемдікке қол жеткізген соң

бұрынғы рухани-идеологиялық хаос кезінде жетекшілікке ие болған манихейлік, христиандық, иудайзм сияқты түркі болмысына жат діндер түркілерге бұрынғысынша ықпал ете алмады. Алдымен Қытайда, кейін Түркістанда аталмыш дін қалдықтарын қудалау басталды. Тан империясының бұрынғы одақтасы Ұйғыр қағанаты құлаған соң бұл мемлекетте өзге діндерді қудалау басталды. 845 жылғы жарлықпен христиандарға, манихейлерге және буддистерге Қытайда тұруға тыйым салды және X ғасырда христиандық бұл аймақта мүлде жойылды. Ортағасырлық араб-парсы авторларының мәліметтеріне қарағанда бұрынғы христиан шіркеулері мешітке айналды. Мысалы, Бұхарадағы христиан шіркеуінің орнына Бани Ханзала мешіті салынды. Таластағы, Меркедегі шіркеулер де мешітке айналды.

Ислам дінінің түркілер арасына түпкілікті орнығып, жаңа діннің түркілер арасында мемлекеттік, рухани негізге айналуы Қарахан мемлекетінің құрылуына алып келді. Негізінен, ғылыми ортада ислам діні қарахандар мемлекеті ресми дәрежеге жеткізген соң түркілер арасына тарады деген пікір бар. Дегенмен түркілер арасына ислам діні тарағаннан кейін Қарахан мемлекеті құрылды десек те болады. Өйткені алғашқы түркі-ислам мемлекетінің құрылуы діни-идеологиялық базаның болуымен тығыз байланысты.

Ұйғырлармен соғыса бастаған қарлұқ-тар батысқа көшіп, 766 жылы түркештердің жеріне кіріп, осында өз мемлекетін құрды. 840 жылы Өтікендегі ұйғыр мемлекетін қырғыздар талқандаған соң қарлұқтар Өтікенмен байланысын үзіп, қарлұқ жабғусы өзіне «қарахан» атағын алды. Осы кезде түрікмендер деп танылған қарлұқтардың орталығы

Баласағұнның батысындағы Қара Орда еді. Қарахан мемлекетінің құрылуына ат салысқан ірі түркі тайпалары шігілдер мен яғмалар болды.

Осы орайда, баса назар аударар мәселе, ол Қарахан мемлекетінің өз бастауын ғұндар мен көктүріктерден алған түркілердің мемлекеттік дәстүрімен тарихи-рухани сабақтастығына қатысты болып отыр. Бұған дейін ортағасырлық түркі мемлекеттерінің тарихын кезеңге бөліп қарастыруда осы мемлекеттердің ислам дінін қабылдауына байланысты қарахандарға дейінгі мемлекеттік бірлестіктер мен қарахандарды бір-бірінен бөлек, ортақ дәстүрлерден ада жүйелер ретінде қарап, олардағы дәстүр сабақтастығын, әсіресе дәстүрлі дүниетаным саласындағы сабақтастық мәселесін зерттеу нысанынан тыс мәселе санадық. Дегенмен зерттеулер көрсеткендей Қарахан мемлекетін құрушы қарлықтар өз мемлекеттерін ғұндар мен көктүріктердің заңды жалғасы ретінде қараған сияқты.

Ұйғыр қағанаты құлаған соң қарлұқ билеушісі Білге Күл Қадыр хан өзін ұйғырлардың ісін жалғастырушы орынбасарымын деп есептеді. Ол қарлұқ, шігіл, яғмалар мен түркештерді қарахандар деп аталған мемлекетке біріктірді. Бастапқыда қарахандықтар өздерін тек ұйғыр мемлекетінің ғана емес, ғұндар мен көк түріктердің ізбасары ретінде сол замандардағы идеологиялық ұстаным – тәңірліктің бітіп, таусылған идеологиялық күшімен өмір сүрді. Қарахандар мемлекетінің негізін қалаушы *яғма тайпасы* – Иағлақар тайпасының VIII ғасырдың бірінші жартысында батысқа Тарым өзені бойына, Қашқар өлкесіне қоныс аударған бір тармағы болып саналады (21, 142 б.). Ал яғмалардың Хошу бастаған екінші тармағы 727-730 жылдары Хэсиден Халхадағы түріктерге қашып барып, Селенгінің

бойындағы сегіз оғыздардың күшімен түріктердің Баймей дейтін соңғы ханын өлтіріп, Ұйғыр қағанатын орнатты. Б. Алтаевтың айтуынша, «840 жылы Ұйғыр қағанаты құлаған кезде Иағлақар тайпасы төртке бөлініп: бір бөлігі Шығыс Моңғолия мен Маньчжурияға қашты, екінші бөлігі Ганьчжоу-Ганьсуға кетті, Пан тегін бастаған үшінші бөлігі Тарым бассейнінде тұрақтап қалды. Қашғарияға ауып келген төртінші бөлік Қарахан әулетінің негізін қалады» (21, 143 б.).

Дәстүрлі түркілік дүниетанымның трансформациялық үдерісінің жылдамдауына ерекше әсер еткен тарихи оқиға түркілердің ислам дініндегі отырықшы дәстүрге ие мемлекеттерді жаулап алуымен байланысты. Саманилер сарайындағы ішкі алауыздықты пайдалануға тырысқан қарахандықтар 990 жылы Мәуереннахрды жаулап алу мақсатымен осы аймаққа шабуылын бастап, Ферғананы алды. Бұл аймақтағы ішкі қайшылық жаулап алуды жеңілдетті. Сондай-ақ араб-парсы деректеріне сәйкес Мәуереннахрдың басқа да аймақтарын жаулап алуға көмектескен фактордың бірі осы аймақта түркілердің көптеп тұруы ықпал етті (22, 26 б.). Жергілікті билеушілерді мойынсындырған Харун 992 жылы Бұхараға аттанды. Бірақ бұл жорық сәтсіз болды. 996 жылғы Бұхараға жорық та сәтті болғанымен Мәуереннахрдың түркілерге бағынуы селжүктер мен ғазнауилердің араласуымен біршама уақытқа созылды. 1001 жылы саманилер жері Махмұд Ғазнауи мен Қарахан билеушісі Насыр ибн Әли арасында бөлініске түсіп, негізгі шекара Әмудария арқылы өтетін болды. Осылайша, Иран мен Тұран арасындағы шекара қайта қалпына келтірілді. Бірақ Қарахан билеушілерінің тәбеті бұнымен шектелмей, енді олар Хорасан аймағына ауыз сала бастады. Осы үшін олардың қа-

тынасы ғазнауилермен шиеленісті. Қарахан мемлекетінің шығыс бөлігінде IX-XI ғасырларда қарлұқтар, яғма, шігіл, түркештер маңызды рөл атқарды. Ал оғыз түрікмендер, қыпшақтар, қаңлы, кенжек, арғу, соғдылар ябаку мен қырғыздар қосымша екінші дәрежеде болды. Қарахан билеушілері көбінесе шігілдерден шықты. Мемлекет билеушілері деректерде қарахан, қара қаған, хара қаған, илек хан деп аталды. Кейбір деректер бойынша ильхандар, түрік, Түркістан хандары, Афрасияб ұрпақтары деп те аталды. Билеушілер тотемдік «Боғры», «Арслан» деп аталатын титулдарды да қолданды.

Алғаш исламды ресми дәрежеге жеткізген түркілер бастапқыда өз мемлекеттерінде түркілердің дәстүрлі мемлекеттік жүйе элементтерін сақтап қалуға тырысты (218, 26 б.). Сондай-ақ бұл ислам дінін қабылдаған түркілер өздерінің дәстүрлі дүниетанымымен тығыз байланысты билеуші атағын сақтап қалуға тырысуы да олардың дәстүрлі дүниетанымынан бірден ажырауға дайын емес екендігін көрсетеді. Мысалы, бұрынғы Түркі қағанатын толық қалпына келтірмесе де Қашқар мен Әму арасындағы ұлан-байтақ территорияны біріктірген қарахандар билеушісін «қаған» немесе деректерде «тамғаш», «табғаш хан» деп атады. Одан кейінгі мемлекеттегі маңызды тұлғалар «қаған», «илек хан» аталып, ақсүйектер санатына жатты.

Қарахандарда «құт» сөзі мемлекет мағынасын да берді. «Илек құт» титулы мемлекет басшысы, құтты кісі – Тәңірі қалауымен болған билеуші мағыналарын берді. Ж.Баласағұн бұл туралы билеушіге арнап: «Бұл билікке сен өз қалауыңмен келген жоқсың. Тәңір саған бұл міндетті жүктеді. Сондықтан бұған тоба қыл» (23, 55 б.) дегені мысал. Түрік ғалымы И.Кафесоғлу да «ел» сөзі ынтымақ, бей-

бітшілік мағынасын бергендігін, өйткені түркілер үшін осы ұғымдар басты ұстанымда болғандығын жазады (23, 61 б.).

Ұйғыр мемлекетін құрушы тайпалардың бірі яғмалардың жаңа мемлекетті құруға қатысуы кездейсоқ болмады. 840 жылы Қарлұқ жеріне, яғни Қашқариямен Жетісуға келіп кірген хойхудың бір бөлігімен соғысып жатқан қарлықтардан саманилер Испиджабты тартып алған.

Саманилер мемлекеті іргесіндегі түркі мемлекетінің құрылғанын қаламады. Самани билеушісі Нұх ибн Асад 840 жылы Исфиджабты жаулап алып, түркілерге қарсы үлкен бекініс қамалын салды (24, 23 б.). Осы орайда, В.Бартольд: «Қарлұқтар яғмалардан бұрын исламды қабылдап, яғмалар қарлұқтардан бұрынғы жерлерін, Шу аңғарын алған соң исламды қабылдаған болуы керек», – дейді де, бұл пікірінің дәлелдеуді қажет ететіндігін айтады (25, 59 б.).

Білге Күл Қадыр ханнан соң таққа Арслан хан лақабымен оның ұлы Бәзір отырды. Ол Баласағұнда билік жүргізсе, інісі Оғұлшақ Қадыр хан қос билеуші ретінде Таразда болды. 893 жылы самани әскері Таразды алғанда Оғұлшақ өз ордасын Қашқарға көшірді. Ал оның немере інісі Сатұқ Боғра хан Оғұлшақтың сарайында тәрбиеленді. Осы Қашқарда Сатұқ қашып келген бір самани ханзадасынан ислам дінін қабылдайды. Ұзақ уақыт бойы ислам діні әскери жолмен түркілер арасына тарай алмады. Тек 910 жылы Сатұқ Боғра таққа отырғанда ғана ислам ресми идеологияға айналып, Сатұқ Әбділкерім Сатұқ атын иемденді (26, 23 б.)

Қарахан мемлекетінің саяси құрылымы бірден емес, біртіндеп, жаулап алған жерлерде Қарахан шонжарлары билігінің орнығуына қарай қалыптасты. Қарахандар өздері бағындырған жергілікті халықтардың көп-

теген мемлекеттік дәстүрін мұра етіп алды, оған ежелгі түрік мемлекетінің, түргеш, әсіресе қарлұқ қағанаттарының үлкен ықпалы болды. Қарахан державасындағы жоғарғы билік те сырттай ғана патриархаттық (рулық-тайпалық) шапанын жамылды, ал шын мәнінде ол феодалдық иерархия принципіне негізделді. Қарахан мемлекетінде билік шігіл және яғма көсемдерінің қолында болды. Бұған дәлел ретінде Қарахан билеушілерінің «арслан» («арыстан») және «боғра» («бура») атақтарын иемденгендерін айтуға болады. Арслан, дәлірек айтқанда, арслан хан (арслан қара-хақан) атағын шігілдердің билеушісі, ал Боғра (боғра қара-хақан) атағын яғма көсемі алды.

Мемлекет басшысы хақан, Қарахан әулетінің басшысы болып есептелді. Бірақ оның билігі іс жүзінде көбінесе «ілек» атағын алған үлестік билеушілермен шектелген еді. Ханға ең жақын адамдардың бірі уәзір жоғарғы билеушінің ең жақын көмекшісі және кеңесшісі болып саналды және оның қарлұқтарда болған «көлеркін» лауазымына жақын ұқсастығы да бар еді. Ал Қарахан әулеті сол қарлұқтардың арасынан шыққан болатын. Көлеркін лауазымының мәнісін Махмұд Қашғари көл-көсір ақыл-ой иесі деп түсіндіреді.

Жоғарғы билеуші атағы селжүктерде басқаша сипатталып, түркі дәстүрінен өзгеше болды. 1040 жылы ғазнауилерді жеңген соң селжүк билеушісі Тоғрұл бек өзін «сұлтан» деп жариялады. Түркі билеушісінің бұл әрекеті осы кезде ислам әлемінің рухани билеушісі саналатын аббас халифі ал-Қаимге ұнамады.

Бұдан өзге қарахандар сарайында селжүктерге қарағанда өзінің түркілік дәстүрлері атағын көбірек сақтады. Хан сарайы, оның басты ставкасы (ордасы)

мемлекеттік және әкімшілік басқару орталығы болып есептелді. Хан төңірегінде сарай адамдары болды, олардың арасында сарай күзетінің бастығы (қапығ-башы) есік қорушылар (қорықшылар), қазынашылар (ағнашылар), аспазшылар (ыдысшылар) және т.б. аталады. Шенеуніктердің (тапұқшылардың) дені жергілікті шонжарлардың өкілдері болды. Олардың арасында хат жүргізушілер (бітікшілер) болды. Деректемелерде хақанның тапсырмаларын орындайтын елшілер (ялавашылар) де аталады.

Қарахандар мен селжүктердің исламданған мемлекеттеріндегі кеңесу институттары туралы мәліметтер аз (Генч, 2004: 73). Санжар мемлекетінде «иншаа диван», Батыс қарахандарда «меджлиси алиси», Ұлы селжүктерде Мәлік шах тұсында Жоғары кеңестен өзге төрт кеңесу органы болғаны жөнінде деректер кездескенімен олардың жұмысы туралы мәлімет жоқ.

Қарахандарда далалық аймақтағы мал шаруашылығымен айналысатын халықты басқару тәртібі басқаша болды. Ол да иерархиялық принциптерге негізделе тұрса да, көшпелі қауымдардың әкімшілік басқаруы рулық-тайпалық басшы топтар арқылы, көбіне, елші басшыға, бектер мен хандарға бағынатын ру басылары арқылы жүзеге асырылды. Елші-басшы, яғни «ел» басшысы ретінде өздерінің вассалдары бар бай және атақты бектер болды. Қарахан бектерінде едәуір кең өкілеттік болды. Олар тәртіп сақталуын қадағалады, оларға сот үкімдерінің және әдеттегі құқық (төру) нормаларының орындалуын бақылау міндеттелді, шекараларды қорғау да соларға жүктелді.

Қарахандар да патша әйелін «қатын», «теркен» деп атады. Көне түркі қоғамында едәуір артықшылыққа ие болған патша әйелдері – қатындардың маңызы ислам

дінін қабылдаумен айтарлықтай төмендеді. Мысалы, Ж. Баласағұнның:

Әйелді үйде қатты күзет, қорғанда,
Әйелдің іші-тысы бірдей болған ба?

Әйелді үйден шығарма, жат кіргізбе,
Жолдан таяр, жаттың көзін тигізбе, – дегенінен (Егеубаев, 1986: 422) дәстүрлі дүниетанымның іргесі сөгілгенімен, шарифатпен нығайған исламның да түркілер арасына, әсіресе қала түркілерінің толық орныға қоймаған кездегі моральдық ақуалдан хабар бергені деп есептеген жөн.

Ислам мемлекетінің негізгі міндеті Құдай орнатқан заң-шарифаттың қолданылуын қамтамасыз ету болды. Тек шарифат заңдары жүрмейтін аудандарда мұсылман мемлекеті жергілікті заң нормаларын шарифат заңдарымен келістіре отырып қолданды. Осындай кең мағынада шарифатты дін заңы деп атауға болады. Дәл осы ислам мемлекеті өз аппаратын қолдана отырып және жергілікті әлеуметтік құрылымдарды қатыстыра отырып, діни нормалардың өз қол астындағылардың күнделікті өміріне енуін қадағалады. Нәтижесінде Құдаймен қатынас – ғибадат, билік пен адамдар арасындағы қатынасты реттеуші нормалар – муамалят қоғамның күнделікті өмірі мен мәдениетінің бір бөлігіне айналды. Ислам дәстүрге көп өзгеріс енгізді. Исламды қабылдағанмен де Қарахан империясының Тянь-Шань маңын мекендейтін түркілері өлікті жерлегенде атпен бірге қойды. Бірақ исламның күшеюінен соң қабірге өлікпен бірге тек ат әбзелдерін қоятын болды (Табалдиев, 1996: 195). Селжүк дәуірінің көне тарихында халық жиналысының өзгеріске түскен формасы үлкен рөл атқарғаны белгілі. «Қанқаш» (Кеңес – Ж.Ж.) атты осындай жиын сирек шақырылды да күнделікті өмірде ақсақалдар кеңесі шынайы түрде үлкен маңызға ие болды. Бірақ

біртіндеп кеңесу элементі «мұсылман этикасының терең әсеріне ұшыраған көне парсылық мемлекет теориясына» орын берді. Жаулап алушылардың басқару институттарының кейбір элементтері бағынышты елдердің басқару жүйесінің әсерінен өзгеріске ұшырауын немесе синтез қалыптасуы мысалын Еуропа тарихынан да байқауға болады. Түркілер билігіндегі ислам мемлекеттері бұрын болмаған жаңа жүйелермен толықты. Селжүк мемлекеті кезінде «Удж» институты пайда болды. Жау ортасында орналасқан мемлекеттің шекаралас аймақтарын қорғау удждардың басты міндеті болды. Селжүктердің миграциясы және шабуыл қозғалысы Византиямен тек байланыс аймағы ғана емес, сонымен қатар ислам мен христиандықтың қарсылық белдеуі болды (Гусейнов, 1978: 224).

Ғазна мемлекетіндегідей Қарахан билеушілері билігі де ислам әлемін жайлаған саяси, рухани дағдарысқа байланысты тоқырауға ұшырады.

Мәуереннахрды X-XI ғасырларда жаулап алып, ислам дінін қабылдаған түркі-қарахандар өздерімен бірге көне түркі басқару институттарын алып келді. Бұл жүйе бойынша қағанат билігі жеке адамның емес, бүкіл билеуші рудың меншігі болды. Осылайша, Қарахан мемлекетінде биліктің дуалды жүйесі орын алды. Ұлы қағанмен қатар билеуші қаған кіші қаған болды. Ұлы қаған ресми түрде мемлекет басшысы болды. Билік әкеден ұлға емес әулеттің келесі жасы үлкен мүшесіне ауысып отырды. Әрбір ақсүйектің патша тағына құқы болғандықтан биліктен үміткер болды. Бірақ бұл тәртіпті қарахан Әли ибн Хасан (1034-1035 жылы өлген) бұзды, ол өз тағын ұлы Юсуфке қалдырды (Кочнев, 1991: 79).

«Мәдениетті көршілер» – бастапқыда қытайлар, кейін ирандықтардың әсерінен

сатылы жүйе әрқашан бұзылып отырды (История Тувы, 1964: 14). VII-VIII ғасырларда исламды араб түбегінен шығарып таратушы көшпенді халық – арабтар арқылы іске асқаны белгілі. Сондықтан да көшпелі қоғамдағы мемлекеттің монархиялық бұл түріне қарсылықтың себебі түсінікті. IX-X ғасырларда Мәуереннахрды билеген саманилер мемлекетінде билікті ұйымдастыру отырықшы қоғамға тән еді. Бұл мемлекетте жалғыз билеушісі бар орталықтандырылған монархия салтанат құрды, тақ әкеден балаға мұра болып қалады. Саманилер мемлекеті құлаған соң қарахандар Мәуереннахрды 200 жыл бойы ұстап тұрды. 1212 жылы осы әулеттің соңғы өкілі Қылыш Арслан ибн Қылыш тамғачхан Мұхаммед Хорезмшах тарапынан өлтіріліп, қарахандардың бүкіл жері хорезмшахтардың қол астына өтті.

Саманилер кезінде-ақ түркі тілдес тұрғындар Мәуереннахрдың отырықшы аудандарын мекендеді. Деректерге қарағанда түркілер Ферғана, Шаш, Хорезм сияқты отырықшылық аудандарында көптеп тұрған. Дегенмен бұл аймақтардың негізгі мекендеуші тұрғындары ирантілдес халықтар болды. Ал қарахандар кезінде жағдай өзгереді. Түркілердің отырықшы-лануының және жергілікті ирантілдестердің түркіленуінің әсерінен түркілердің үлес салмағы арта бастайды (Гафуров, 1949: 224).

Қарахандар мемлекетінен өзгеше селжүк империясы өзінің бастапқы динарлық жүйесін ұзақ ұстап тұра алмады. Алпысыншы жылдардың басында биліктің мұраға қалуының жаңа принципі бұдан әрі бекітіліп мемлекеттің екі бөлігі бір-бірімен бірікті. 1060 жылы Дәуіт Чағры бек қайтыс болып, оның жесіріне түркілік дәстүрге орай ағасы Мұхаммед Тоғрул үйленді. Көптеген көшпелі тайпа-

ларда, кейінгі кезге дейін қазақ халқында сақталып отырған кевираттық некелік дәрежесі ру мен жетекшінің мүлікті, дәстүрді сақтап қалуына көмектесті. Осы орайда, Дәуіттің жесіріне Тоғрулдың үйленуі оның жаулап алынған жерлердің сұлтанның жоғарғы билігі астына жиналуына мүмкіндік берді.

Ислам әлемінде ұзақ уақыт араласулар нәтижесінде жаулап алушы түркілердің билік жүйесі мен жергілікті басқару институттарының арасында өзара синтез қалыптасты. Бірақ бұл барыс екі жүйе өкілдерінің үнемі қақтығысуы мен идеялық таласы арқылы қалыптасқанын байқаймыз. 1064 жылы Алп Арсланға қарсы жоғарғы билікке өзінің де қатысы бар екенін білдірген Исрайлұлы Құтлымыш көтерілді. Құтлымыш мұнда ескі оғыз (түркі) дәстүрін алға тартып, билік ру мен отбасындағы жасы үлкен адамға тиісті екенін айтып: «Сұлтанат билігі маған берілуі тиіс. Өйткені менің әкем (Исрайыл) үлкен болатын және (селжүк) тайпаларының бас жетекшісі-тін» (Агаджанов, 1991: 81), – деді.

Қауымдасып өмір сүру дәстүріне ие түркілер ұзақ уақыт бойы өз қол астындағы халықтардың әлеуметтік ахуалдарына мұқият назар аударып отырды. Бұл дәстүр өз ауылы мен руының тұрмысы төмен мүшелеріне қарайласып, қатардан қалдырмауға бағытталған көшпелілердің моральдық-этикалық ерекшеліктерімен тығыз байланысты. Селжүктер соғыс, аштық пен бүліктерден жапа шеккен қала халқы арасында қайырымдылық шараларын жүргізді. Бірнеше жүздеген қой сойылып, кедейлерге тегін тамақ таратылды (ас-Салджуқиа, 1980: 82).

Бұдан басқа көшпенділердің мінез-құлық түсінігі, мәдениетті халықтың атал-мыш түсінігінен гөрі дінге қатысты болды. Бірінші селжүктер мен қара-

хандар, Ғазна сұлтандары Махмұд пен Масұдқа қара-ғанда шынайы мұсылмандар болды. Алғаш-қы қарахандар шарап ішпеді. Көшпелі халықтың қолбасшысы өз сарбаздарының киімдерінен ерекше киінбеді, олармен қиындықты бірге бөлісті. Махмұд пен Масұд сұлтандар сияқты деспотқа айнал-мады. «Сахиб-хабар» қызметі селжүктерде болмады. Тыңшылық жүйе жабайыларға жат болды. Низам әл-Мүлік Алп Арсланға осы қызмет түрін пайдалануды ұсынғанда оны сұлтан қабылдамай тастады (Жеңіс, 2022: 2022: 370).

Сүлеймен Тұңға хан қайтыс болған соң оның ұлы Харун Боғра хан Жетісу мен Қашқардың түркілерін, Шаш пен Ферғана, Соғды жерлерін жаулап алу жорығын бастады. Оңтүстіктегі отырықшылар аймағына шабуылдар түркі жерін кеңейту ұранымен жүрді.

Қарахан билеушісі Насыр Әли Ілекхан мен Махмұд Ғазнауи арасында саманилер жерін бөліп алу туралы келісім бұрыннан болды. Осы келісім бойынша екі мемлекеттің шекарасы Әмудария саналды. Өзеннің оңтүстігіндегі аймақ Махмұдқа, ал Мәуереннахр қарахандарға өтті (36, 221 б.).

Осылайша, ұзақ уақыт идеологиялық «адасудан» соң түркілер ислам дінін қабылдау арқылы жаңа идеологиялық ұстынға ие болды. Бұл идеология түркі дүниетанымымен ымыраға келіп, үйлесе алғандықтан түркі қоғамында тұрақты сипат алды. Тіпті, жаңа дін түркілердің саяси белсенділігін тудырып, олардың аймақтағы саяси маңызын жаңа дәрежеге көтерді. Исламның түркілер арасында кеңінен тарауының негізгі факторларына түркі мемлекеттеріндегі идеялық дағдарыс, түркілердің отырықшы-мұсылман иеліктеріне географиялық тұрғыда жақын орналасуы, олардың дәстүрлі

дүниетанымының жаңа дінмен қағидалық ұқсастығы жатады. Исламды қабылдамай тұрып-ақ түркілердің жүрегінде исламның негізгі қағидаларының бірі – Тәңірі діні негіз болған «иман» болды. Ислам дінінің жауынгерлік рухқа қолдау көрсетіп, дін үшін соғысты шарифат бойынша заңдастыруы да әскери жетілген түркілер үшін қолайлы жағдай жасады (Жеңіс, 2022: 2022: 21).

Дегенмен түркі көшпенділері өз кезегінде дәстүрлі дүниетаным элементтерін тек исламның материалдық нұсқаларында қалдырып, бүкіл күш-қайратын, жиған-тергенін жергілікті мәдениеттің одан әрі дамуына жұмсап, өздері жергілікті, дәстүрлі өркениеттердің болмай қоймайтын әсеріне ұшырап жұтылды. Осы кезеңдегі бір ерекшелік түркі мемлекеттерінің арасындағы ғұндар мен Түркі қағанаты кезеңдерінде басталған интеграциялық процесс тоқтап қалды. Оған ең басты себеп, түркі-көшпенділердің бір-бірінен дүниетанымдық тұрғыда алшақтауының жедел қарқынмен жүруі болды. Яғни бұл кезеңде түркілер түркі-көшпенді бірлігінен гөрі ислам интеграциясына көбірек мүдделі болды. Ал исламшілік бір-бірімен қағидалық негізде бақталас ағымдар жекелеген түркі мемлекеттерінің идеологиялық бағытына айналды. Ал бұл өз кезегінде түркілерді бір-бірімен діни-ағымдық негізде алшақтатып қана қоймай, өзара жауласқан мемлекеттерге айналдырды.

Түркілер исламдану үрдісін бастан кешіп, ислам орталығынан бөлек, өз алына жаңа дінді өздерінің ерекшеліктері бойынша қабылдап жатты. Исламданған түркі мемлекеттерінің өзара қатынасының бұл кезеңдерде одан әрі шиеленісе түскендігін байқаймыз. Бір этникалық текке ие болып, бір дүниетанымды ұстанғандарымен дәстүрлі дүниетаным-

дық факторлардың әсерінен түркі мемлекеттерінің арасында алауыздық енді діни сипат алды. Мұсылман болған түркілер өздерінің «кәпір» қандастарының тек мал жайылымы мен дүние-мүлкін жаулап алуды ғана көздеген жоқ, енді бұл күрес дін тарату жолындағы күрес болды. Жоғарғы тарауда атап көрсеткеніміздей түркілердің жаңа дінді жаппай қабылдауына ықпал еткен факторлардың біріне географиялық жағдай әсер етті. Ислам иеліктерімен көршілік, олармен саяси-экономикалық қарым-қатынас түркілердің жаңа дінмен тек танысып қана қоймай осы дінді қабылдауына әсер етті.

Қарахан билеушілері ресми түрде Бағдад халифін танып, оған мойынсұнды. Олар өз билігінің алғашқы күндері Мәуереннахрда халиф атынан монета басып шығарды.

Дәл осы жаңа идеологияның күш беруімен қарахандар тарапынан түркі тайпаларын біріктіру үдерісі басталды. Қарахандар енді ислам туы астында бытыраған түркілерді жинап, жаңа дінді олардың барлығына ортақ идеология ретінде таратуды қолға алды. Қарахандардың бұл әрекеті қарсылықсыз бола қоймады. Олар ұзақ уақыт бойы Хотан мен Яркендті бағындыра алмап еді. X ғасырдың 90-жылдарында олар Орталық Тянь-Шань мен Жетісуды жаулап алды. Солтүстік-шығыста қарахандар басмылдар және ұйғырлармен соғысты (Жеңіс, 2022: 2022: 14). Солтүстікте қимақтармен соғысты. Осы-лайша, қарахандардың солтүстік-шығыстағы шекарасы Балқаш, Сасықкөл, Алакөл арқылы өтті.

Ортағасырлық түркі мемлекеттерінің исламды ресми идеология етіп алуы олардың ислам әлемінде жетекші мемлекетке ұмтылуымен қатар жүрді. Жоғарыда атап кеткеніміздей, түркі билеушілері бір-бірімен қарым-қатына-

ста қандық жақындықтан гөрі діни ортақтықты көбірек негіз етуге тырысты. Тіпті, түркілердің исламдануы олардың бір-бірімен діни негізде саяси одақ құруға итермеледі. Қарахан билеушісі Тұған хан 1012-1013 жылдары ғазналық Махмұд ибн Себуктегінге елші жіберіп, бітімге шақырады. «Ислам мен мұсылмандар үшін егер сен Үндістанға, ал мен түркілерге жорыққа шықсам пайдалы болады. Егер бір-бірімізге тиіспесек бұл достық қатынастарымыздың дәлелі болар еді», – дейді (Жеңіс, 2022: 2022: 57). Ислам дінін қабылдаған түркілер өздерінен дүниетанымдық тұрғыда ажыраған қандастарын «кәпір» санап, оларға дінсіздермен бірдей көзқараста болды. Ортағасырлық авторлардың жазуына қарағанда «1043-1044 жылдары сафар айында он мың үй түрік–«кәпір» исламды қабылдайды. Құрбан айтта құрбандық шалады. Олар бұрын Баласағұн мен Қашқарға шабуыл жасап тұратын. Татарлар мен хитайлар ғана исламды қабылдамады» (Жеңіс, 2022: 2022: 60). Осы автордың дерегіндегі «Исламды қабылдаған соң олар елге тарап кетті. Олар (исламды қабылдамаған түркі-көшпенділер) мұсылмандардан қорғану үшін біріккен еді ғой», – деп жазуына қарағанда қарахандардың жаңа дінді қабылдауымен арта түскен саяси белсенділіктері түркі-көшпенділердің алғашқыда қорғануы үшін бірігуіне әсер еткен сынайлы.

Жалпы, жоғарыда атап кеткеніміздей, түркі-мұсылман мемлекеттерінің қарым-қатынастарының қалыптасуына олардағы мемлекеттік дәрежеге жеткен дәстүрлі дүниетанымның ерекшеліктері шешуші рөл атқарды. Мұсылман-түркі мемлекеттерінің арақатынасын түсіндіргенде олардың діни ерекшеліктеріне назар аудармасқа болмайды. Бұл ең алдымен селжүк-қарахан қатынастарына тікелей қатысты.

Дегенмен исламды қабылдау селжүктер арасында бірдей деңгейде жүрмеді. Билеушілер мен ақсүйектер жаңа дінді тез қабылдаса, қарапайым жұрт бұл дінге уақыт өте келе мойынсына бастады. Бірақ бұл қандай да бір зорлықсыз, жанжалсыз ерікті түрде жүрген үрдіс болды. Жалпы, ортағасырлық араб-парсы деректері селжүктердің ислам дінінде болғанын жазады. Мысалы, ар-Раванди: «Бұлар (селжүктер) діни адамдар, (дін ісіне) қанық олар дінсіздіктен бойын аулақ салып, исламға ұмтылды, пайғамбарымыз көрсеткендей Қағбаға бет бұрып, имамға ұйыды» (Жеңіс, 2022: 2022: 56), – деп жазды. Селжүктердің арасында исламның тарауына сопылықтың көрнекті өкілдері айрықша рөл атқарды.

Түркі билігінің тартымдылығы арқасында көптеген христиандардың ислам дінін қабылдауы, этнос маңызының күшеюіне және түркілердің келген орталарында ассимиляцияға ұшырауына әсер етті. Оның үстіне селжүк мемлекетінде ислам «классикалық» түрден едәуір алшақ еді. Христиандармен синтез, дәруіштердің орасан ықпалы, әртүрлі сопы қауымдарының әсері дінді әртүрлі әрі тартымды етті деуінің жаны бар (Жеңіс, 2022: 2022: 59). Христиандардың тұтас деревниялары исламның осындай тартымдылығы әсерінен жаппай ислам дінін қабылдады (Жеңіс, 2022: 2022: 158). Сұлтандар әскерге жалдамалы жауынгерлерді алу дәстүрін бастап, ру-тайпалық қатынастардың беріктігін әлсіретті. «Сұлтандар орасан зор аймақтарды жаулап алып, империяны құруға мұрындық болған оғыз бұқарасынан іргесін аулақ сала бастады» (Жеңіс, 2022: 2022: 161).

Селжүктер мемлекетінің құрылуы барысында оғыздар тарихи деректерде көбінесе түрікмендер деп атала бастады. Көптеген зерттеушілер мұны оғыздардың

ислам дінін қабылдаумен байланыстырады. Ислам діні түркі көшпенділерінің этноәлеуметтік құрылымын едәуір өзгеріске ұшыратты. Бұл өзгерістердің жағымды да, жағымсыз да жағы болды. Діннің этногенезге әсеріне аз көңіл бөлінгенмен, ол этностың этнографиялық және мәдени болмысына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болды (Жеңіс, 2022: 2022: 23).

Түркілердің билігі кезінде орнаған ислам әлеміндегі интеграциялық үрдістер, исламдағы алауыздықтың ауыздықталуы, мұсылман иеліктеріне христиан мемлекеттері тарапынан жасалып отырған агрессиялық шабуылдардың тоқтауы, енді түркілер билігінің әлсіреуімен қайта босандана бастады. Ислам әлемі қайта саяси-әлеуметтік, діни дағдарысқа ұшырап, енді ислам қоғамы діни жазбалар мен діни қайраткерлердің уәде еткен исламды құтқарушы шығыстағы дін жауынгерлеріне қажеттілікті қайта сезіне бастады. XIII ғасырдың екінші жартысында Орталық Азияның дені түркілерді құраған Шыңғысхан әскері тарихи миссияны атқарушылар ретінде Иран мен ислам жерлерін жаулап алды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, бастапқыда жаңа дінді қабылдауда діни қасаңдыққа ұрыну, жаңа дінді өзгеріссіз қабылдауға ұмтылу түркі мемлекеттеріндегі саяси қайшылықты тереңдетті. Түркі қоғамы исламшілік діни ағымдардың күрес аймағына тартылды. Дәстүрлі түркілік дүниетанымға негізделген мемлекеттік дәстүр отырықшы, иран-тектес мемлекеттік заңдарға бағындырылып, дәстүр сабақтастығын бұзған қайшылықтарды тудырды. Мұхаммед (ғ.с.) пен алғашқы дұрыс халифтар кезіндегі исламдық билік жүйесі де, алғашқы түркілердегі

басқарудың сатылы-еншілес жүйесі де өз-деріне дейін өмір сүрген отырықшы мемлекеттердің дәстүрлі билік жүйесімен бірыңғайлыққа түсіп, деспоттық-монархиялық сипат алды.

Бұл үрдіс исламданған түркі мемлекеттерінің ыдырап, не болмаса ирандық саяси-мәдени қалыпқа түсіп жұтылуына әсер етті. Түркілік дүниетанымның элементтерін сіңіре білген, олардағы қағидалар мен ережелерді исламдық шарифат-

пен шебер жымдастыра білген исламның сопылық ағымы мен оның көрнекті өкілі Қожа Ахмет Йассауи ілімі түркілер арасында исламды таратуда табыстарға жетті. Бұл үрдіске түркілік дүниетанымның исламмен аса қайшылыққа келе қоймауы, керісінше түп негіздегі ұқсастықтың да оңтайлы әсер еткені сөзсіз. Осы негізде түркілердің исламды қабылдауы қандай да бір зорлықсыз, дүниетанымдық қарсылықсыз, еркін түрде жүргізілді.

Әдебиеттер

1. Buyuk islam tarihi. Dogustan gunumuze. Ilmi musavir ve redaktor Prof. Dr. Naki Dursun Yildiz. 6-cilt. – Istanbul: Cag yayinlari, 615.
2. Zeki Velidi Togan. Kuran ve Turkler. – Ankara, 1956. – 97.
3. Агаджанов С.Г. *Государство сельджукидов и Средняя Азия в XI-XII вв.* – М.: Наука, 1991. – 255.
4. Алтаев Б. *Язма-иаглақар тайпасы туралы.* // Қазақтану. Халықаралық ғылыми журнал. – №1(02). – 2007. – 7-12.
5. Ал-Хусайни, Садр ад-дин. *Ахбар ад-даулат ас-Салджуқиа (зубдат ат-таварих фи ахбар ал-умара ва л-мулук ас-салджуқиа).* Сообщения о Сельджукских государствах. – М.: Наука, 1980. – 326.
6. Асадов Ф.М. *Арабские источники о тюрках в раннем средневековье.* – М.: Наука, 1999. – 215.
7. Баласағұн Ж. *Құтты білік* / Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубаев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 616.
8. Бартольд В.В. *Сочинения.* Том 1. – М.: Наука, 1969. – 429 с.
9. Бартольд В.В. *Тюрки: Двенадцать лекций по истории турецких народов Средней Азии.* – Алматы: Жалын, 1993. – 192.
10. Басилов В.Н. *Избранники духов.* – М.: Политиздат, 1984. – 207.
11. Бируни А. *Избранные произведения.* Т. 1. Памятники минувших поколений / под редакцией академика Х.М. Абдуллаева. – Ташкент: изд. АН УзССР, 1957. – 487.
12. Галиев А.А. *Традиционное мировоззрение казахов.* – Алматы: Фонд Евразии, 1997. – 167.
13. Гафуров Б.Г. *История таджикского народа. С древнейших времен до Великой Октябрьской социалистической революции 1917 г.* – М.: Госполитиздат, 1949. – 475.
14. Генч Р. *Қарахандар мемлекетінің билік құрылымы.* – Бишкек: КТМУ, 2004. – 240 б.
15. Груссе Р. *Империя степей: история Центральной Азии (с древности до тринадцатого века).* Пер. с англ. К. Салгариной. – Алматы: Санат, 2003. – 224.
16. Гусейнов Р.А. *Уджи-военно-феодалный институт в Малой Азии.* – М.: Наука, 1978. – 123-149.
17. Енгин А. *Түркі халықтарындағы құрбандық шалу.* // Қазақ тарихы. – 2007. – №3. – 41-44.

18. Жеңіс Ж. *Орта ғасырлардағы тұрандықтар және Иран (XI-XIV ғ. түркілер білігі тұсындағы Ирандағы діни, саяси және мәдени дамулар)*. – Түркістан: 2004. – 223.
19. Жеңіс Ж.Ж. *Түркілердің дәстүрлі дүниетанымы мен мемлекеттілік: тарихи сабақтастық пен трансформация: монография*. – Алматы: Үш қиян, 2022. – 346.
20. *История Тувы*. Том II. – М.: Наука, 1964. – 400.
21. Каримова Р.Х. *Из истории исламизации Восточного Туркестана*. // Ислам: история и современность. Материалы международной конференции / Отв. ред. М.Х. Абусейтова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 167.
22. Кенжетай Д. *Қожа Ахмет Йасауи дүниетанымы*. – Түркістан: Тұран, 2004. – 341.
23. Кочнев Б.А. *Структура власти в караханидском каганате борьба кочевнических и оседлых культур*. // Взаимодействие кочевых и оседлых культур на Великом Шелковом пути-тезисы докладов международного семинара ЮНЕСКО, (Алматы, 15-19 июня 1991 г.). – Алматы: Ғылым, 1991. – 120.
24. Көмеков Б.Е., Ильясова З. *Йақұттың (XIII ғ.) «Түркістан» атты мақаласының аудармасы*. // Қазақстанның ғылыми әлемі. – №2 (02). – 5-10 б.
25. Көпейұлы М.Ж. *Адам және жұлдыздар арақатынасы*. // Қазақстан тарихы. – 1995. №6. – 23-30.
26. *Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері*. 4-том. – Алматы: Дайк-Пресс, 2005. – 326.
27. Қашқари М. *Түрік сөздігі: 3 томдық шығармалар жинағы*. 1-том / Қазақ тіліне аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай. III том. – Алматы: Хант, 1998. – 600.
28. Қашқари М. *Түрік сөздігі: 3 томдық шығармалар жинағы*. 2-том / Қазақ тіліне аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А. Егеубай. III том. – Алматы: Хант, 1998. – 564.
29. Молотова Г.Н. *Идея пропаганды ислама в вариантах «Огузнама»*. // Ислам: история и современность. Материалы международной конференции. Отв. ред. М.Х. Абусейтова. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 167.
30. Орынбеков М.С. *Верования древнего Казахстана*. – Алматы: Ғылым, 1997. – 137.
31. *Путешествия в восточные страны Плано Карпини и Гильома де Рубрука*. – Алматы: Ғылым, 1993. – 248.
32. Саидбаев Т.С. *Ислам и общество. Опыт историко-социологического исследования*. – М.: Главная редакция восточной литературы издательства «Наука», 1978. – 253.
33. Сыздықов С.М. *Қарлық мемлекетінің тарихы: оқу құралы*. – Алматы: Қазақпарат, 2000. – 216.
34. Сыздықов С.М. *Мүнәжімбаши шейх Ахмедтің «сахайб әл-Акбар» немесе «Қарахандар шежіресі»*. – Алматы: Отан тарихы, 1998. – №1. – 77-78 б.
35. Табалдиев К.Ш. *Некоторые вопросы этнокультурной интерпретации средневековых погребений Кыргызстана*. // Кыргыз: этногенетические и этнокультурные процессы в древности и средневековье в Центральной Азии. – Бишкек, 1996. – 224.
36. Түркілік сенім мен исламдағы дүниетанымдық ортақтықтар. // Қазақстан ғылыми әлемі. – №2. – 2007.

References:

1. Agadjanov S.G. *The Seljuk State and Central Asia in the XI-XII Centuries*. – Moscow: Nauka, 1991. – 255 p.
2. Al-Husayni, Sadr ad-Din. *Ahbar ad-Dawlat as-Saljuqiya (Zubdat at-Tawarikh fi Ahbar*

- al-Umara wa al-Muluk as-Saljuqiya). Reports on the Seljuk States. – Moscow: Nauka, 1980. – 326 p.
3. Altaev B. On the Yaghma-Iaghlaqar Tribe. // Kazakhtanu. International Scientific Journal. – No. 1(02). – 2007. – pp. 7-12.
 4. Asadov F.M. Arab Sources on the Turks in the Early Middle Ages. – Moscow: Nauka, 1999. – 215 p.
 5. Balasagun Zh. The Kutadgu Bilig / Translated from Old Turkic, with Preface and Notes by A. Egeubayev. – Almaty: Zhasushy, 1986. – 616 p.
 6. Bartold V.V. Collected Works. Volume 1. – Moscow: Nauka, 1969. – 429 p.
 7. Bartold V.V. The Turks: Twelve Lectures on the History of the Turkic Peoples of Central Asia. – Almaty: Zhalyln, 1993. – 192 p.
 8. Basilov V.N. The Chosen Ones of the Spirit. – Moscow: Politizdat, 1984. – 207 p.
 9. Biruni A. Selected Works. Volume 1. Monuments of Past Generations / Edited by Academician Kh.M. Abdullaev. – Tashkent: Academy of Sciences of the Uzbek SSR, 1957. – 487 p.
 10. Buyuk Islam Tarihi. From the Beginning to the Present. Scientific Advisor and Editor Prof. Dr. Haki Dursun Yildiz. Volume 6. – Istanbul: Cag Yayinlari, 615 p.
 11. Chinese Sources on the History of Kazakhstan. Volume 4. – Almaty: Daik-Press, 2005. – 326 p.
 12. Engin A. Sacrificial Practices among the Turkic Peoples. // Kazakh History. – 2007. – No. 3. – pp. 41-44.
 13. Gafurov B.G. History of the Tajik People from Ancient Times to the Great October Socialist Revolution of 1917. – Moscow: Gospolitizdat, 1949. – 475 p.
 14. Galiev A.A. Traditional Worldview of the Kazakhs. – Almaty: Eurasian Foundation, 1997. – 167 p.
 15. Gench R. The Political System of the Karakhanid State. – Bishkek: KTU, 2004. – 240 p.
 16. Grusse R. Empire of the Steppes: A History of Central Asia (From Ancient Times to the Thirteenth Century). Translated from English by K. Salgarina. – Almaty: Sanat, 2003. – 224 p.
 17. Guseinov R.A. Uji—Military-Feudal Institution in Asia Minor. – Moscow: Nauka, 1978. – pp. 123-149.
 18. History of Tuva. Volume II. – Moscow: Nauka, 1964. – 400 p.
 19. Karimova R.Kh. On the History of the Islamization of Eastern Turkestan. // Islam: History and Modernity. Materials of the International Conference / Edited by M.Kh. Abusaitova. – Almaty: Daik-Press, 2001. – 167 p.
 20. Kashkari M. The Turkish Dictionary: A 3-Volume Collection. Volume 1 / Translated into Kazakh, with Preface and Notes by A. Egeubay. Volume III. – Almaty: Khant, 1998. – 600 p.
 21. Kashkari M. The Turkish Dictionary: A 3-Volume Collection. Volume 2 / Translated into Kazakh, with Preface and Notes by A. Egeubay. Volume III. – Almaty: Khant, 1998. – 564 p.
 22. Kenjetai D. The Worldview of Khoja Akhmet Yassawi. – Turkestan: Turan, 2004. – 341 p.
 23. Kochnev B.A. The Structure of Power in the Karakhanid Khaganate: The Struggle of Nomadic and Sedentary Cultures. // Interaction of Nomadic and Sedentary Cultures on the Great Silk Road—Theses of Reports from the International UNESCO Seminar, (Almaty, June 15-19, 1991). – Almaty: Science, 1991. – 120 p.
 24. Komekov B.E., Ilyasova Z. Translation of Yakut’s (13th Century) Article “Turkestan”. // Kazakhstan’s Scientific World. – No. 2 (02). – pp. 5-10.
 25. Kopeev M.Zh. The Relationship between Humans and Stars. // Kazakh History. – 1995. No. 6. – pp. 23-30.

26. Molotova G.N. The Idea of Islamic Propaganda in the Variants of the “Oghuznama”. // Islam: History and Modernity. Materials of the International Conference. Edited by M.Kh. Abusaitova. – Almaty: Daik-Press, 2001. – 167 p.
27. Orinbekov M.S. Beliefs of Ancient Kazakhstan. – Almaty: Science, 1997. – 137 p.
28. Saidbaev T.S. Islam and Society: An Historical and Sociological Study. – Moscow: Main Editorial Board of Eastern Literature, “Nauka” Publishing House, 1978. – 253 p.
29. Syzdykov S.M. History of the Qarluq State: A Textbook. – Almaty: Kazakhparat, 2000. – 216 p.
30. Syzdykov S.M. The “Sahib al-Akbar” or “Karakhanid Genealogy” by the Astronomer Sheikh Ahmed. – Almaty: Otan History, 1998. – No. 1. – pp. 77-78.
31. Tabaldiev K.Sh. Some Issues in the Ethnocultural Interpretation of Medieval Burials in Kyrgyzstan. // Kyrgyz: Ethnogenesis and Ethnocultural Processes in Antiquity and the Middle Ages in Central Asia. – Bishkek, 1996. – 224 p.
32. Travels to Eastern Countries by Plano Carpini and Guillaume de Rubruck. – Almaty: Science, 1993. – 248 p.
33. Turkic Beliefs and Commonalities in the Worldview of Islam. // Kazakhstan Scientific World. – No. 2. – 2007.
34. Zeki Velidi Togan. The Qur’an and the Turks. – Ankara, 1956. – 97 p.
35. Zhenis Zh. The Turanians and Iran in the Middle Ages (XI-XIV Centuries: Religious, Political, and Cultural Developments during the Turkic Rule in Iran). – Turkestan, 2004. – 223 p.
36. Zhenis Zh.Zh. Traditional Worldview and Statehood of the Turks: Historical Continuity and Transformation: Monograph. – Almaty: Üsh Qiyan, 2022. – 346 p.